

№2 (884) 15 қаңтар, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса
«Ватсан» арқылы тәуліктің кез-келген
уақытында мына байланыс телефоны
арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475

ҚАЗАҚСТАН «САРЫ» АЙМАҚТА: ЕЛДЕ КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ КУШЕЙТІЛУІ МУМКІН БЕ?



Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов орталық коммуникациялар қызметінде отken брифингте ел тұрғындарына үндеу жасап, карантин талаптары күшетіліуі мүмкін екенін мәлімдеді деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

Оның сөзінше, соңғы айда еліміздің бірнеше өнірінде коронавирус жүктырған науқастар көбейген.

Қазакстан «жасыл» аймақтан «сары» аймаққа ауысты.

Қиясов соңғы айда Атырау облысында науқастардың 3,7 есеге есүі байқалғанын жеткізді.

Ал Алматы облысында – 1,8 есеге, Қарағанды облысы мен Алматы қаласында – 1,5 есеге есken.

«Манғыстау облысында – науқастар саны 81-ден 315 жағдайға дейін, Түркістан облысында – 102-ден 256 жағдайға дейін, Шымкент қаласында 150-ден 195 жағдайға дейін, Қызылорда облысында 48-ден 135 жағдайға дейін есүі байқалады. Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай

ескере отырып, бүгінгі күні халықтың көп жиналуын азайтуға бағытталған карантиндік шараларды күшету қарастырылып жатыр», - деді бас санитар дәрігер.

Сонымен қатар, ол қазақстандықтарға үндеу жасады. Қиясовтың сөзінше, азаматтардың сактық шараларына немісқаралы қарауынын салдарынан елімізде эпидемиологиялық жағдай нашарлаған. Сондыктan, қонақка бармауга және қонақка шақырмаяға, жеке гигиена және респираторлық гигиена ережелерін сактауга, қоғамдық орындарда алеуметтік аракашықтықты сактауга, медициналық маска тағуға, антисептиктер қолдануға шақырамын, деді бас санитар дәрігер. Еске сала кетсек, Қазақстанда отken тәулікте COVID-19 инфекциясын жүктырған тағы 766 адам тіркелді. Осылайша, елімізде COVID-19 инфекциясын жүктырғандар саны 164 477-ге жетіп отыр.

Сәке ҚАНАТҰЛЫ

Ең сүмдигы жастардың оттай жанған патриоттық сезімдері жойылып кете ме деп корқамын.

Белгілі журналист-жазушы, коркемсөз шебері әрі қоғам белсендісі Марат Тоқашбаев соңғы кездері елімізден кеткісі келетін жастардың санының артыш бара жатканына аландauышылық білдірген, деп хабарлайды Skifnews.kz ақпарат порталы.

Оның айтуынша, халық өтірік уәделерден, көзбояуышылқартардан шаршаган. Сонын жақсы омір іздеген жұрт амалсыз шетелге

«ӨТІРІК УӘДЕ МЕН КӨЗБОЯУШЫЛЫҚТАН ШАРШАҒАН ЖАСТАР ШЕТЕЛГЕ КЕТИП ЖАТЫР»

жер-жаңаңға жар салып жатыр. Бірқатар байқаушылардың мәліметтінше дауыс берушілер саны айтارлықтай төмендеген.

Тек Алматының өзінде дауыс беру үшін тізімге алғынандардың 27,7 пайызы фана келген. Бұл көрсеткіш ұмытпасам, елордада 44 пайыз, Шымкентте 53 пайыз болыпты. Көп қалалarda 50 пайыздың ар жақ-бер жағы. Яғни электратортық белсенділігі әлдекайда төмендегені байқалады», - деп жазады ол өзінің facebook парапкасында.

Жазуышының айтуынша, мұндай үрдіске үкіметтің жүйесіз ісі мен біліктің бастан-ақ өтірікке қырылған саясаты кінәлі. Осының салдарынан техника, айти, экономика саласының мықты мамандары шетелге кетіп жатыр.

«Халық өтірік уәделерден, көзбояуышылқартардан шаршаган. Оның үстінен қалай дауыс берсек те «Nur Otan» женеді ғой деген саяси шарасыздық. Бұлғаң экзит-пул нөмірі бірінші партия 71 пайыз алғанын жарияладап тойді. Күмән көп. Бірақ әкімшілік ресурс бір кісідей жұмылдырылған соң біздің елімізде басқаша болуы да мүмкін емес кой.

«Күркіреп күндегі отті ғой соғыс» демекші, мінеки, сайлауда артта қалды. Білік

партиясының «ойдағыдай» көш бастаганын көзіміз көрді. Бүгін-ертеден Мәжіліс жасақталған соң Үкімет тә дөгарыска кетер. Жана Үкімет тағайындалар. 2019 жылғы Президент сайлаудын соң К.Токаевқа айт бермеген күш құрылымдарының басшылары биыл да орынтастырын сактап калса отken жолғыдай оған тағы айт бере коймас. Кейір ведомство басшылары озгергенімен режим қазалып көзінде кала береді.

Сайлауда откінен халық күткен өзгерістер, тубегейлі реформалар орын алмасы анық. Мұның бәрі халықтың, әсіресе жастардың өтірікке қынғаңдағы кеміріп барады. Ең сүмдигы жастардың оттай жанған патриоттық сезімдері жойылып кете ме деп корқамын.

Елден техникалық, айтишник, экономист мамандар кетіп жатыр. Тұрғыты мекендеуге кетіп жатқандарынан басқа жай визамен барып қалып қалғандар, тұруға ихтиярхат күтіп жүргендегер кансама? Соңғы төрт жылда эмиграция кетіп жатқандар оның алдындағы кезеңмен салыстырғанда 38 пайыздан 88 пайызға есken. Білік осы тенденцияны неге каперге алмайды?

Мемлекеттегі күні кімге қалады, депутат мырзалар?», - деп жазған жазба авторы.

ДЕПУТАТ БОЛУҒА ЕШКІМ ЕРИККЕНИНЕ ҰМТЫЛМАЙДЫ



Әлеуметтік желінің белсенді колданушысы, журналист Самат Нұртазаев «Мәжіліске оттегін депутаттар 60 ай бойы мықты жақалқы алады. Яғни 2026 жылға дейін, оларға ай сайын 1.000.000 тг түсін отырады. Денемін әр молекуласымен қызығамын сол кіслерге ...» деген жазбасы қызу талқыға түсті деп жазады «Адырна» ұлттық порталы автордың жазбасынан сілтеме жасап.

Осы жазбага байланысты айтылған пікірлер еркісіз депутат болуға ұмтылдыратында. Депутаттың жақалқысынан бастап, жұмысайтын шығындарына дейін есептегендегер тандай қағысып, қызығып, енді бірі «депутат болғым келеді» десті. Депутат болуға әркімнін қызығушылығы да оянған сияқты ма, қалай? Біздін депутаттар жақалқыдан бөлек, түрлі мерекелерде сыйақы алып, шетелдерге, ел ішінде тегін іссапармен бара алады. Сонымен қатар Нұр-Сұлтандың тегін қызыметтік патерді иеленіп, әрі-бөрі жүргісіне тегін қызыметтік көлікті тізгіндейді. Осыларды есептеп отырганда, желі қолданушының бірі: «Ол тек алғылы. Одан бөлек түрлі комитетке мүші болғаны үшін бір алады, квартал сайын

сыйақы алғатыны тағы бар» деп жазады.

Расымен де, Қазақстанда депутат болуға жүрт бекер жантала-спайды екен ғой. Бәрі тегін. Баяғы атапарымыз көрмей кеткен коммунизмде қазіргі депутаттар шалқып соң сүріп жатқандай. Үй, көлік, іссапардан болек, депутаттың күнделікті түскі асына да анау айтқандай акша кетпейтін БАҚ-та талай жаздай. Ал бір депутат үшін бюджеттің 92 млн теңге жұмысалатыны тағы бар. 92 миллион теңге аз ба, көп пе? Біздегі депутаттардың жақын-мұлгін жүріп алғатын жақалқысы ретінде, ерине ете көп ақша буды! Мысалы, 92 миллион теңгеге органқол пәтердін алтауын алуға болады. Демек, бір депутатка жұмысалытын акшамен алты адамды баспааналы етуге болады. Ал біздін парламентте бір ғана депутат отырган жоқ кой?! 107 депутат! Осы санды ен болмаса, екі есе қысқартса, жыл сайын кемі 300 адам үйлі болар екен.

Армандал, альска кетіп қалған сияқтымыз ғой. Парламенттен бөлек, аймақтардағы мәслихат депутаттары тағы бар емес пе. Олар ауамен коректенбейтінін ескер-

сек, ел бюджеттің басым болігі кімдердін қалтасына түсетін анғару күн емес. Депутат, министр, әкім, басшы-косшылардың жақалқысының өзі бюджеттің жартысынан астамын құрайтын шығар, сірә. Айтпақшы мәслихат депутаттарының жақалқысы анау айтқан жогары емес. Алайда «депутат» деген атымен-ак олар талай шаруанды донгелетпін жүргені бесенеден белгілі. Альска бармай-ак, атап тұсымның аудандық мәслихат депутаты болып-ак түкірігі жерге түспейтінін талай көргенмін. Қашан көрсөн, шіреніп жүргені.

«Депутат» деген күжатын корсетсе, бітті, жүрт оның алдында құрдай жорғалайды. Өзіміздің колымыздан келмеген соң, осылай сынаудан басқа не істей алымыз енді? Қорыта айтқанда, елдің, халықтың мұң-мұддесін корғайын, қызмет етейін деп ешкім депутат болмайды. Сөз жүзінде айтады ғой, әрине. Алайда іс жүзінде бәрі көрсінше. Мұны бәрі біледі. Өкіншеге қарай, осындағы қоғамда омір сүру бүйірган екен. Кайтесін енді, сырттай қызығып отырамыз да осылай...

Мұқаш МУРАТҰЛЫ

УШ МЕГАПОЛИСТИҢ МӘСЛИХАТЫНА ҚАЙ ПАРТИЯ ӨКІЛДЕРІ ӨТКЕНІ ХАБАРЛАНДЫ



**Алматы қаласы мәслихатына 4
партияның өкілдері отті**

**Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент
қалаларының мәслихатына қай партия
атынан депутаттар откені белгілі болды.
Орталық сайлау комиссияның
торағасы Берік Имашев Қазақстанда
алғаш рет мәслихаттардың депутаты
пропорционалдық сайлау жүйе бойынша
сайланғанын атап отті.**

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатына үш
партияның өкілдері отті — 31 мандат:**

«Nur Otan» - 26 мандат;
«Қазақстан Халық партиясы» - 2 мандат;
«Ақ жол» партиясы - 3.

**Алматы қаласының мәслихатына торт
партия өкілдері отті - 39 мандат:**

«Nur Otan» - 29 орын;
«Ақ жол» - 4 орын;
«Қазақстан Халық партиясы» - 3 орын;
«Ауыл» - 3 орын.

**Шымкент қаласы мәслихатына үш
партияның өкілдері отті - 30 мандат:**

«Nur Otan» - 24 мандат;

«Ауыл» - 3 орын;
«Ақ жол» - 3 мандат.

Партияларға мәслихат мандатын
иеленетін депутаттарды анықтауға 5 күн
уақыт берілді.

**Шымдығында, Қытайға қанша
жеріміз берілген ешкімге белгісіз**

Ресей баспасөзінде тағы да КСРО-
ны аңсағыштардың кезекті макаласы
шығыпты. «Одақ ыдырағаннан кейін
кешегі кеңестік елдер өз жеріне ие бола
алмай, шетінен айырылып жатыр»
депті. «Әсірессе Орталық Азия елдері
тәуелсіз мемлекет атанғаннан кейін біраз
жерлерін Қытайға беруге мәжбүр болды»,
— депті «Взгляд» газетінің шолушысы.

Макалада кезінде Жонғар хандығының
(XVII-XVIII ғасырлар) құрамында болған
жердің бөріне Қытайдың қашанды таласы
болған делинеді. Бұл жерлер қазіргі Шығыс
Қазақстан мен Солтүстік Қыргызстан

Қазақстан

www.ardak.kz

e-mail: ardak.gazeta@mail.ru

АР-ДАҚ



ӘЙ, ҚЫТАЙ! ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНША ЖЕРІН ТАРТЫП АЛДЫҢ?

екен. Ол жерді енді оңайшылықпен
кайтара алмайтынын билген Қытай билігі
кулықта кошип, әуслі Қазақстанның 34
мың шаршы шақырым «даулы» жеріне
таласуды бастады. 1990 жылдары шекарада
булдырылған қызығыстарадан сескенген
Қазақстан билігі Пекинмен арадағы барлық
шекаралық дауарларды шешіп алуға асқан. Сол
үшін Қазақстан екі рет Қытайдың
шығына жығылды. 1994 жылы Қазақстан
шекара туралы келісімге кол қойып, 946
шаршы шақырым жерін Қытайдың иелігіне
бере салды.

1997 жылы экс-президент Нұрсұлтан
Назарбаев казақ-қытай шекарасын
демаркациялау туралы түкпілкіті келісімге
кол жеткізді. Ресми деректі бойынша Қытайға
тағы 407 шаршы шақырым территория
отті кетті. Бірақ ол құжат елі еш жерде
ашық жарияланған жок. Содан секімденген
Қазақстан қоғамы Қытайға, шымдығында,
бірнеше мындаған шаршы шақырым
жер берілген болуы мүмкін деген күдік
білдіреді.

Әйттесе де Қазақстан саяси бүлікке жол
бермей, Совет Одағынан қалған «даулы»
жер мәселеін» шеше алды. Қыргыздар,
мәселен, ойте алмады. Қыргыздың Қытайға
берген жерлерінің ішінде жергілікті
кошениді халықтар үшін киелі маңызы бар
Хан Тәңірі таусы да кетті.

Қытайдан миллиардтаған доллар несие
алуға мәжбүр. Билік барып қарыз алады,
ал халық болса «өзінің жемқор үкіметі
ертең карызыды жермен қайтарып беруден
немесе жер койнауы мен кеңіштерін беруден
тайынбайды» деп, улкен алдандаулық
танытып келеді. Өйткені мұндай жағдай
Тәжікстанда орын алған-ды.

Орталық Азия елдері Қытайдан
кattы үркіп отыр. Қазақстанның Қытай
компанияларына ауылшаруашылық
жерлерін жалға беру туралы түрлі
жобалар бастанап талқылау кезеңінде-ақ
қабылданбай калды. Ал Қыргызстанда
қытайлық тау-кен компанияларына қатысты
кез келген даудың соны ереуілдермен және
қанды қыргызмен тынып жатады.

Бірақ Орталық Азия елдері Қытайға
экономикалық жағынан тым тәуелді.
Олар қайтаруға қауқары болмаса да,

Қытайдан миллиардтаған доллар несие
алуға мәжбүр. Билік барып қарыз алады,
ал халық болса «өзінің жемқор үкіметі
ертең карызыды жермен қайтарып беруден
тайынбайды» деп, улкен алдандаулық
танытып келеді. Өйткені мұндай жағдай
Тәжікстанда орын алған-ды.

Рас, Қытайдың пайдасына өз жерінен
айтыру жағынан тәжіктер қазақ пен
қыргыздан асып түсті. 2011 жылы Қытай
Халық Республикасының «тұған күніне»
Тәжікстан салтанатты түрде Қытайға 1,1
мың шаршы шақырым жерін сыйлады. Бұл
дегеніңіз - Тәжікстан территориясының
0,77 пайызы. Бұл тәжіктердің экономикалық
тұрғыдан Пекинге тым тауелді болғанынан
туындаған мәжбүрлік. Тәжікстандың әлі
қүнге дейін Эмомали Раҳмонның катал
режимі биледі, елде оппозиция деген
атымен жок, ол тамырымен жойылған.
Мұндай жағдайда президент ойнаға келген
шешімін жүзеге асыра береді. Іс мұнымен
бітпеді, Тәжікстан жол салуға, жылу-
энергия мен басқа да инфрақұрылымы
үшін Қытай кредитіне белшесінен
батып кетті. Кедең мемлекеттің карызы
кайтарытын ақшасы жок, ақыры қытайлық
компанияларға алтын, күміс және көмір
кеңіштерін беріп тиңди.

Әділ АҚЫЛБАЙ

ХАЛЫҚ НЕГЕ САЙЛАУҒА ҚАТЫСУДАН ҚАЛҒАН?



**10 қантарда откен парламенттік
сайлауға алда жоспар
бойынша 11 миллионнан аса
адам келуі керек болған. Бірақ
халықтың сайлауға келуі соңғы
деректер бойынша 63,3%-
ды құрады. Сарапшылардың
пікірінше, бұл - ете нашар
корсеткіш. Халық бұл сайлауда
не үшін селқостық танытты?
Ел тұрғындары сайлаудағы
жауапкершілікті неге сезінбейді?
Stan.kz тілшісі саясатпен
айналысып не оны зерттеп жүрген
мамандардан сұрап көрді.**

Журналист, саясаткер Ермұрат Бапи
сайлаудың жауапкершілігін сезінбеуге
халық құқылы болды деген уәжді алға
тартады.

«Сайлау жауапкершілігін халық
неге сезінуі керек? Егер билік
халықтың елдегі өзгеріске деген
ынтасын өшірсе ... Откен сайлауға
бір де бір тәуелсіз партия түспесе,

халық қалай, кімге дауыс беруі
керек? Сайлауда халық үшін
ешқандай саяси интрига болған жок.
Халықтың қызығушылығын оятқан
жок. Соңдықтан халық бұл сайлауға
салғырт қарады. Жауапсыздықпен
қаруға құқығы болды деуге болады»,
— дейді ол сайлауға көнілі толмаған
саясаттанушы Ермұрат Бапи.

Ал сайлау туралы көп айттын,
сайлау туралы жаңа реформа керек
деп шырылдаپ жүртіп саясаттанушы
Дос Көшім сайлауға деген халықтың
сенімі өшкенін айтады.

«Себебі біздін елде сайлау
қоғамдық өмірді өзгертпейді,
қоғамдық өмірге әсер етпейді. Осы 30
жыл бойы қанша рет сайлау болса да
белгілі бір ғаыттың өзгергенін көріп
отырған жок. Сайлаудың қоғамдағы
институт есебіндегі рөлін халық
көрген жок, соңдықтан оған деген
сенім кетті», - дейді сарапшы.

Дос Көшім откен сайлау

«таңғалдырғанын» айтады. Оның
сөзінен сенсек, откен сайлаудың
арнайы жасалған «ойын» екенін
аңғару қыын емес. Сайлау партиялар
үшін өте үятты жағдайда откенін
айткан ол өзі байқаған «қызықты»
фактілерді атады.

«Осы сайлау туралы
қызықты фактілер бар. Менің
ен танғалғаным - сайлауға түсіп
отырған партиялардың бірі - 18,
екіншісі - 20, үшіншісі 32 адамның
парламентке үсінганды. Сонда
бұлар парламентке не үшін бара
жатыр? Өз заңдарын парламентке
өткіземіз десе, парламенттің басым
бөлігін алуы керек. Қалай 18
адаммен бірдене өзгертеміз дейді.
Демек біздің сайлауға түсінен
партиялар бетбұрыс жасаймын, заң
қабылдаймын деп бара жатқан жок.
Көп партиялардың бар екенін көрсету
үшін ғана бара жатыр. Әйтпесе
18 адаммен сайлауға түсін ақылға
қонымыз. «Ақ жол» партиясының
құрамында 300 мың адам бар дейді,
сонда парламентке барыттың 107 адам
таба алмады ма?» - дейді ол.

Дос Көшім әр партияның 20 адам
ғана үсінүү ақымақтық дейді.
Оның сөзінше, ең болмағандың қанша
адам парламентке үсінлайтынын
көрсетпеу керек еді. Өйткені бұл
сайлауға түсем деген партиялар үшін
өте үят, масқара жағдай деп кесіп
айтты.

«Екінші қызықты қаралып. Сайлау
науқанында бәсекелестікі көрген
жоқпын. Бәсекелестік - өзіндікін
асырып, басқалардікін төмендету,
жарысу. Демек өзінің қаралысының

кемшілігін көрсету керек. «Nur Otan»-
ның бағдарламасын тас-талқанын
шығарып талдаған өзге партияларды
көрдіңіз бе? Жоқ. Бұлар бір
бағдарламаны боліп алғандай болды.

Партия құру деген «Nur Otan»-
мен келіспей, менің көзқарасым
басқа деу. Сайлаудың негізі мақсаты
- салыстыру арқылы біреуге баға
беру. Ал біздің откен сайлауда
нені салыстырасың, 5 түрлі саяси
көзқарас айтылған жок. Бұның бәрі
нақты бір ойын есебінде жүргізілгені
көрініп түр. Мұны сайлау деп айтуда
болмайды», - дейді Дос Көшім.

Саясаттанушының сөзінше,
бәсекелестік кезінде ең көп таяқ
жайтіні - биліктегі партия. Өйткені ол
партияның істеген жұмыстары тайға
таңба басқандай көрініп түр.

«Бұрыннан бері жасаған
жұмыстарын тас-талқанын шығарып,
ал біздің партия мынадай қадамдар
жасайды деп айтуда болады. Одан
кейін үкіметтік партиялардың
осы үақытқа дейін тындырған
істерін санамалап, нәтижесінде
богланып айту керек еді. Өйткені заң
қабылдайтын солар. Не «Ақ жолды»,
не «Халық» партиясын сынаған жок.
Кемшілігін жасырды. Бұл сайлау
бар дегенді дәлелдеу ғана», - деп
түйді ойын.

Еске салсақ, 10 қантарда
откен парламенттік сайлаудың
корытындысы шыкты. Нәтижесінде
71,09% көрсеткішпен «Nur Otan»
партиясы жеңіске жетті.

Жанна МӘЛІК



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТАБЫС САЛЫҒЫ ДҮРІС ЕСЕПТЕЛМЕДІ

2018-2020 жылдар аралығында қазақстанның жеке табыс салығы дүріс есептелмегі. Салық жалақының жалпы сомасына салынған.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті жеке табыс салығы дүріс есептелмеген жағдайда ақшандың қайтару тәртібін түсіндірді, деп хабарлайды Sputnik Казакстан тілшісі.

Ресми мәліметке сәйкес, 2018-2020 жылдар аралығында қазақстанның жеке табыс салығы дүріс есептелмегі. Осы санаттағы жұмысшылардың басым бөлігі — азаматтық-құқықтық келісімшартпен енбек еткендер.

Мәселен, жалақының көлемі 100 мың теңге болса, одан міндетті зейнетакы жарнасы (10 процент) және медициналық сактандыру төлемі (1 процент), барлығы 11 процент, яғни 11 мың теңге шегеріледі. Содан кейін ғана қалған 89 мың теңгеге жеке табыс салығы салынады. Оның мөлшері – 10 процент (8 900 теңге). Алайда осы салық барлық жалақыға, яғни, 100 мың теңгеге салынып келген. Сөйтіп, бюджетке 8 900 теңгенің орнына 10 000 теңгенің салығы аударылды. Адам штатта жұмыс істесе, онда салықтардың барлығы автоматты түрде дүріс есептеледі. Ал штаттан тыс, яғни, азаматтық-құқықтық келісімшартпен енбектенген азаматтардың жеке табыс салығы зейнетакы жарнасы мен медициналық сактандыру төлемінде де

салынып келген.

«Осылан байланысты салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Бюджетке артық аударылған салықтың қайтару үшін жұмыс берушінің атына өтініш жазу керек. Компания бәрін қайта есептеп, ақшасын қайтару туи. алайда жұмыс беруші салық есептерін де қайта тапсыруы қажет», — дейді комитет мамандары. Ал бухгалтерлер екі жылдық құжаттарды қайта копарғысы келмейді. Себебі оған біраз уақыт кетеді, косымша еңбек күші де керек. Осылан байланысты тиісті ережеге өзгеріс енгізуі мүмкін. Сонда 2018-2020 жылдары аралығында төленген жеке табыс салығы бойынша есептерге түзетулер енгізбеуге де болады. Бірақ ондайда бюджетке артық төленген салықтың қайтару жұмысы жаңадан басталады, бұған дейінгі екі жылдық кезең ескерілмейді.

«Егер үкімет тарарапынан сондай шешім жасалса, мысалы, 2021 жылдан бастап салықты реттейміз десе, тиісті нормаларға өзгеріс енгізіледі. Бірақ заң 2020 жылы 10 желтоқсанда (ол күні Тоқаев Салық кодексіне өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы занға қол қойды — Sputnik) қолданысқа енгізілді. Содан бері кейбір адамдар салықтың қайтару туралы өтініш беруі мүмкін фой. Онда өтпелі ережелер қарастырылады. Бұл дегеніміз, 10 желтоқсаннан бастап өтініш бергендердің ақшасы қайтарылады», — деп атап көрсетті комитеттің баспасөз қызметі.

МАҢГЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ 45 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ЕКІ АЙФА ҚӨЛІК ЖАЛДАҒАН



Манғыстау облысының әкімдігі жалпы сомасы 45 миллион теңгеден асатын 52 қолікті екі айфа жалға алу туралы келісімшарттарға қол қойды деп хабарлайды Liter.kz.

52 автокөліктің 28-i Hyundai Elantra, 24-i Hyundai Creta. Екі ай үшін өнірлік әкімдік 45,4 млн теңге төлейді. Қалған 10 айға басқа мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған.

Ведомствоның есебінше, қолікті баланста ұстауға карағанда жалға алу бюджетке тиімдірек. Мысалы, өткен жылдың 7 айында транспорттық құралдарды жалға алу үшін 159 млн теңге төленген. Ал 2019 жылы дәл осындай кезеңде автокөліктеге 202,3

млн теңге жұмсалған. Яғни, 43,3 млн теңге үнемделген.

Манғыстау облысының әкімдігі бұған дейін ай сайын жанармайға, қосалқы бөлшектерді ауыстыруға, жондеуге, жүргізушилердің жалақысына және басқаларға кететін шығындар болғанын атап отті.

Анализ аутсорингке көшу арзан болатынын көрсеткен. Бұрын департаменттің балансындағы қызмет көрсетуге жарамдық автокөліктеге аудандық және қалалық әкімдіктеге берілген. Жөндеуді қажет ететін көліктер аукционда сатылған.

Еске сала кетсең, қазақстанның шенеуніктер 2020 жылы Apple компаниясының қымбат гаджеттерін сатып алу үшін бюджеттен 1 триллион теңгеден асатын заң бұзушылық анықтаған. Бұл әр онынши сатып алуша шикілік бар дегенді білдіреді, деп хабарлады raguz.kz, «Астана» телеарнасына сілтеме жасап.

Мамандар барлығы 1,5 млн сатып алу шарттарын тексерген. Негізгі заң бұзушылық бағалардан шығып отыр. Шарт құны әр дерек көзінде әртүрлі көрсетілген екен. Қателіктегі дәні мемлекеттік мекемелерден кеткен. Нәтижесінде, 700-ден астам шенеунік әкімшілік жауапқа тартылды. Жалпы құны 6 миллиард теңге болатын 172 қылмыстық іс тіркелді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНЫң БІР БӨЛІГІН ПАЙДАЛАНУ: КІМ ҚАНША АЛА АЛАДЫ?

20 жастаң бастап 59 жастаң асқан салынышылар үшін зейнетакы жинағының бір бөлігін пайдаланудың жеткіліктілік шегі белгілеуді.

Еске салайық, 2021 жылдан бастап қазақстанның тараған зейнетакы жинағының бір бөлігін түрғын үй жағдайын жақсартуға, қымбат тұратын емделуге ақын толеуге немесе жеке басқарушы компанияларға басқаруға беруге пайдалану құқығы берілді.

Бірнгай жинақтаушы зейнетакы жинағының пайдалануға қатысты тың ақпарат жарияланды. Ақпаратта көрсетілгендей, жас санатына байланысты зейнетакы жинағының жеткіліктілік шегі өзгергілген.

20 жас	— 1 710 000 теңге
21 жас	— 1 780 000 теңге
22 жас	— 1 860 000 теңге
23 жас	— 1 930 000 теңге
24 жас	— 2 010 000 теңге
25 жас	— 2 090 000 теңге
26 жас	— 2 170 000 теңге
27 жас	— 2 250 000 теңге
28 жас	— 2 330 000 теңге
29 жас	— 2 420 000 теңге
30 жас	— 2 500 000 теңге
31 жас	— 2 590 000 теңге
32 жас	— 2 670 000 теңге
33 жас	— 2 760 000 теңге
34 жас	— 2 850 000 теңге
35 жас	— 2 940 000 теңге
36 жас	— 3 030 000 теңге
37 жас	— 3 130 000 теңге
38 жас	— 3 220 000 теңге
39 жас	— 3 320 000 теңге
40 жас	— 3 420 000 теңге
41 жас	— 3 520 000 теңге
42 жас	— 3 620 000 теңге
43 жас	— 3 720 000 теңге



44 жас	— 3 820 000 теңге
45 жас	— 3 930 000 теңге
46 жас	— 4 030 000 теңге
47 жас	— 4 140 000 теңге
48 жас	— 4 250 000 теңге
49 жас	— 4 360 000 теңге
50 жас	— 4 470 000 теңге
51 жас	— 4 590 000 теңге
52 жас	— 4 700 000 теңге
53 жас	— 4 820 000 теңге
54 жас	— 4 940 000 теңге
55 жас	— 5 060 000 теңге
56 жас	— 5 180 000 теңге
57 жас	— 5 300 000 теңге
58 жас	— 5 430 000 теңге
59 жастаң кейін	— 5 560 000 теңге.

Жақында Бірнгай жинақтаушы зейнетакы жинақтың бір бөлігін пайдалану тәртібін түсіндірді. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 761 мындан астам жұмыс істейтін салыныш жалпы көлемі 2,4 трлн теңgedен астам қараждатты мерзімін бүрүн пайдалану құқығын қолдана алды. Жинақтардың жеткіліктілік сомасынан асатын орташа сомасы шамамен 3,2 млн теңгенні құрайды.

Батыржан БЕСПАЕВ

«АЙЫППҰЛ БЕС ЕСЕГЕ ӨСЕДІ»: ҚӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРИ НЕҢІ БІЛУІ КЕРЕК

сәйкес, ауаны ластайтын заттарды және дыбысты тиісті нормадан артық шыгарытын қолік құралдарына ескерту жасалады, я болмаса, айыппұл көлемі де көрсетілген.

Жеке тұлғалар үшін – 10 АЕК немесе 29 170 теңге (казіргі қезде осы айыппұлдың көлемі 2 АЕК-ті – 5 834 теңгеннің күрайды);

занды тұлғалар үшін – 100 АЕК немесе 291 700 теңге.

Бір жылдың ішінде құқық бузушылық қайталанса, айыппұлдың көлемі екі есегенеді.

Жеке тұлғалар үшін – 20 АЕК немесе 58 340 теңге;

занды тұлғалар үшін – 200 АЕК немесе 583 400 теңге.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БОЙЫНША 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕ ТАЛАН-ТАРАЖФА ТҮСКЕН

Қателіктегі дәні мемлекеттік мекемелерден кеткен. Нәтижесінде, 700-ден астам шенеунік әкімшілік жауапқа тартылды...

Елдегі Мемлекеттік сатып алу жүйесінен тағы олқылықтар табылды. Қаржы министрлігі жалпы құны 1 триллион теңгеден асатын заң бузушылық анықтаған. Бұл әр онынши сатып алуша шикілік бар дегенді білдіреді, деп хабарлады raguz.kz, «Астана» телеарнасына сілтеме жасап.

Мамандар барлығы 1,5 млн сатып алу шарттарын тексерген. Негізгі заң бузушылық бағалардан шығып отыр. Шарт құны әр дерек көзінде әртүрлі көрсетілген екен. Қателіктегі дәні мемлекеттік мекемелерден кеткен. Нәтижесінде, 700-ден астам шенеунік әкімшілік жауапқа тартылды. Жалпы құны 6 миллиард теңге болатын 172 қылмыстық іс тіркелді.



«Барлығы 13 мың ескертпе берілді. олардың дәні хабарланыру енді ілінген кезінде анықталған байқау процедураларына байланысты, осының арқасында негізсіз талаптардың алдын алдық және басқа да заң бузушылықтардың жойды», — дейді қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетті төрағасының орынбасары алмас кауқитаев.



АЙМАГАМБЕТОВ: БАЛАБАҚША, МЕКТЕП ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖДЕР

АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУГЕ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Елімізде білім беру мәселелері бойынша заннамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мемлекет басшысы Заңға қол қойды. Енді балаларға қосымша білім беру ісі мемлекеттік тапсырыс аясында жекеменшік мекемелерде де үйімдастырылатын болады. Сондай-ақ балабашалар, мектептер мен колledgeдердің бес жыл сайын аттестациядан өтін көзделген деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ тілшісі.

Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймагамбетов елеуметтік желідегі парапкасында жазды.

«Мемлекет басшысы Заңға қол қойып, білім беру мәселелері бойынша заннамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қабылданған Заңдағы маңызды нормалардың бірі – балаларға қосымша білім беру үшін мемлекеттік тапсырыс институтын енгізу.

Енді мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында да жекеменшік үйімдарда орналастырылатын болады.

Бұл мемлекет тарапынан үлкен шығындарды қажет етпей-ақ балалардың секцияларға, үйімелерге және басқа да дамыту орталықтарына баруына қатысты мәселелерді кезең-кезеңмен шешуге мүмкіндік береді.

Балабашалар, мектептер мен колledgeдер мемлекеттік аттестациядан өтетін болады. Үзак уақыт бойы талқыланған норма қабылданды. Аттестаттау – сыртқы мониторинг және білім беру үйімдарының белгіленген стандарттар бойынша орындалған жұмыстарын бағалайтын құрал болады.

Ен бастысы, аттестаттау тек проблемаларды айқындаушы репресивті

құрал емес, анықталған проблемаларды жоюға бағытталған нақты ұсыныстар беру тетігі болып табылады.

Аттестаттау бес жылда бір рет жүргізіледі. Ол арқылы білім беру үйімдарында берілетін білімнің сапасы анықталып, ата-аналар, оқушылар мен педагогтер арасында сауалнама жүргізіледі, материалдық-техникалық база, кадр құрамы және басқа да аспекттер бойынша белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады», - деп жазды министр.

Қабылданған Заңға сәйкес, бұдан байлау процесіне жаңа бағдарламаның енгізу үшін алдымен міндетті түрде

сараптама жасалынуы тиіс. Министр Аймагамбетовтің сөзінше, жаңа оку бағдарламаларын енгізуге байланысты жұмыстарда асығыстық жасама керек.

«Ултілік оку жостарлары мен оку бағдарламалары білім беру процесіне енгізілгенде дейін міндетті түрде сараптамадан және аprobациядан өткізілтін болады.

Яғни енді оку процесіне жаңа бағдарламаның енгізу үшін алдымен міндетті түрде сараптама, кейін аprobация жүргізіледі. Осылайша орын алуы мүмкін кемшіліктер анықталатын болады.

Эріне, бұл норма министрлік шектейді, алайда осы арқылы жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген және сыйналған бағдарламалардың енгізуінде механизмі жұмыс істейтін болады.

Одан бөлек, оқулықтардың сапасын одан әрі жақсарту, оку материалдарын әзірлеу кезінде бірізділікті мектеп оқулықтары және оку-әдістемелік кешендерінің күрьымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу құзыретін айқындастырылған түзету қабылданды. Бұл оқулықтардың сапасын арттыруға бағытталған маңызды норма болып табылады», - дедінген сала басшысының жазбасында.

Сонымен қатар, Заңда Министрлік білім беру үйімдарына алып кіруге және онда пайдалануға тыым салынатын заттардың тізімін бекітітін болады.

Заңда қашықтан білім беруге қатысты жаңа нормалар пайда болды. Қашықтан оқыту үғымы және қашықтан оқытууды үйімдастыру қағидаларын бекіту жөніндегі үзілдетті органының құзыреті бекітілді.

Балабашалар, мектептер мен колledgeдер мемлекеттік аттестациядан өтетін болады. Үзак уақыт бойы талқыланған норма қабылданды. Аттестаттау – сыртқы мониторинг және білім беру үйімдарының белгіленген стандарттар бойынша орындалған жұмыстарын бағалайтын құрал болады.

Ен бастысы, аттестаттау тек проблемаларды айқындаушы репресивті

ӘЙТЕНОВТІҢ КОМАНДАСЫ ӘНШІЛЕРДЕН ҚУРАЛАТЫН ТҮРІ БАР...



Енді жүрттүү шибөрі аулап шулаткан Төреғали Төреәлінің орман және аңышлық шаруашылығы жөніндегі аумактық басқармасына ма, инспекциясына ма, біреуіне күрүғанда болім басшысы етіп қойса...

Бүгін әнші Майра Мұхамедкazyeva Шымкент қалалық опера және балет театрының басшысы болып тағайындалды. Ал оның алдында фана эстрада әншісі Сәкен Майғазиев сол

Алишер АХМЕТОВ
paryz.kz

ШЫМКЕНТЕ ТӨЛЕШОВКЕ ҚАТЫСТЫ ТАҒЫ СОТ БАСТАЛДЫ

Осыдан төрт жыл бұрын атышылы «Токтарт Төлешовке қатысты сотка нүкте қойылып, «сыра королі» 21 жылға бас бостандығынан айырылған болатын. Оның мемлекет алдындағы 1 млрд 300 млн теңге қарызы есебінен бүкіл дүниенің мүлкі тәркіленеу тиіс деп сот шешім шығарған-ды.

Алайда атқару парағын алған сот орындаушылар 4 жыл бұрынғы осынау сот шешімін әлі күнге дейін орында алмай келді. Себебі дүниенің мүлкі тәркілесе таласушылар көбейді. Шымкентте жыл сайын Төлешовке қатысты жаңа деректермен сот отырыстары өтіп тұрады. Өткен жылдың озінде оның жұбайшары мен қыздары мекемеден өздерінің отбасына тиесілі болған қордаланып қалған жалақыларын ала алмай отырымсы деп сотқа арызданса, артынша жазасын өтеп отырган соттапушының өзі «Дархан Group» ЖШС-індегі жалпы жиналыс шешімдерін жаралыссыз деп тану туралы талап-арыз жолдады. Себебі серіктестік озінің қатысуының жалпы жиналыс өтіп, дүниенің мүлкін үшінші тарарап сатылышы кеткен. Бұл кезде сот заңға сәйкес талап қоюшы жалпы отырыстың шешіміне алты ай ішінде шағым жасау мерзімін өткізіп алғандақтан, талап-арызында қанағаттандырудан бас тарткан болатын.

Енді, міне жуырда Шымкент қалалық Еңбекші аудандық прокуратурасы Еңбекші аудандық сотына осы жағдайда үкасас талап-арыз тастанды. Прокуратура «Дархан Group» ЖШС-ін екінші мекемеге беру туралы хаттаманы және хаттама негізіндегі келісімшартты заңсыз деп тануды сұрап отыр.

Еңбекші аудандық сотына өткен жылдың соңғы күндері келіп түскен талап-арыз бойынша соттың алғашқы отырысы 8 қантар күні өтті. Сотқа төрагағын етішті Еңбекші аудандық сотының судьясы Қ.Ізбасаров осыдан екі жыл бұрын Төлешовтің мемлекет алдындағы қарызын өтеуі үшін сот «Дархан Group» ЖШС-іннің барлық мүлкі мемлекеттің балансына аударылысын деген үйғарым шығарғанын айтады. Алайда бұл үйғарымға қарамастан серіктестік жалпы жиналыс өтіп, мекемен сатып жиберген. Прокуратура мұны мемлекетке бермеудің китүркі әрекеті



деп бағалап отыр.

– «Дархан Group» ЖШС-іннің Төлешовтен баска тағы да күрілтайшысы бар. Ол мүлкіті қарызы есебінен басқа біреуге беріп отыр. Ал беріп отырган адамы құрылтайшының өзі. Мекеме құрылтайшыдан 4 млн теңге көлеміндегі жалақы қарызы екен. Яғни, құрылтайшы 4 млн теңгеннің өзімін пайдаланып, мекемен толық өзінде аударып, жекешелендіреді. Одан кейін 200 млн теңгеге үшінші тұлғага сатады. Мүлкіті серіктестік меншігіндегі «Арман» балабашасы мен Сарығаш аудандындағы жер участесі бар. Мұның барлығы да серіктестік жалпы жиналыссында шешіліп, хаттама заңсыз деп тануды сұрап отыр. Бүгінде атқару серіктестікке аударылу жағдайы бар. Алайда мүлкіті мемлекетке отудын орнына басқа тұлғага сатылышы кетіп отыр.

Из, мұның барлығы да Төлешов тергеуде жүргенде сирткынан істелген әрекеттер. Екінші құрылтайшы одан ешқандай да келісім алмаған. Демек, мұнда бұрынғы «сыра королінің» қолтаңбасы бар ма, жоқ па әзірге белгісіз. Дегенмен прокуратураның мемлекет мүддесінің корғап, сатылышы кеткен үялатады.

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

БОКСТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ЖАНАТ ЖАҚИЯНОВ БУХГАЛТЕРІНІҢ ЖЫМЫСҚЫ ӘРЕКЕТИН БАЙҚАМАФАН

Сот үкімінен спорт мектебінің бухгалтері алайқыл әрекеті үшін кінәлі деп танылды, ал оның басшысы қатаң сөгіс алды

